***Әдістер***

Микроклонды көбейту және жасыл қалемшелеу технологиялары оқшауланған өсімдік мүшелері мен тіндерін *in vitro* өсірумен және жылыжайда өсірумен стандартты процедуралар мен әдістерге сәйкес жүзеге асырылады.

***Нәтижелер***

1. «Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлері» питомнигі
2. Таза дақыл алу, микроклондық көбейту және қалемшелеу әдістерімен көбейетін Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің генетикалық бірдей (1-3 жылдық) көшеттері.

**Ассортимент**

1. **Сиверс алмасы,**
2. **Недзвецкий алмасы,**
3. **Кәдімгі өрік,**
4. **Алматы доланасы,**
5. **Жоңғар доланасы,**
6. **Іле ұшқаты,**
7. **Тянь-шань шетені,**
8. **Іле бөріқарақаты,**
9. **Мейер қарақаты.**

## ***Команда туралы***

Бахтаулова А.С. – ғылыми жетекші,
Карашолакова Л.Н. – ЖҒҚ,
Камбарова А. – ҒҚ,
Карипбаева Р.К. – КҒҚ.

## ***Байланыс***

040009, Талдықорған, Жансүгіров 187 А, Жетісу облысы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Телефон: +7 701 883 6065
E-mail:bahtaulova@mail.ru; wildfruit.zhetysu@gmail.com
Web сайт: zhetysuwildfruit.kz



«Осы жоба «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» ММ-нің ақша қаражаты есебінен қаржыландырылатын ҒҒТҚН коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылуда» (2023-2025) DP21681653 "Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жеміс түрлерінің көшеттерін вегетативті көбею жолымен өндіру"

**2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру**

ҒЫЛЫМ ҚОРЫ
ФОНД НАУКИ

ZHETYSU UNIVERSITY

# ЖЕТІСУ АЛАТАУЫНЫҢ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖАБАЙЫ ЖЕМІС ТҮРЛЕРІНІҢ КӨШЕТТЕРІН ВЕГЕТАТИВТІ КӨБЕЮ ЖОЛЫМЕН ӨНДІРУ

**«Ғылым қоры» АҚ қаржыландырған**



## *Жоба мақсаты*

Бірегей биологиялық әртүрлілікті сақтау, коллекциялық екпелерді қалыптастыру және жеміс өнімін өндіру және жасыл қала құрылысы саласында жұмыс істейтін тұтынушылар үшін вегетативтік көбейтуді жүргізу үшін питомник құру жолымен Жетісу Алатауының сирек кездесетін жабайы жемісті түрлерінің көшеттерін өндіру.

## *Жобаның өзектілігі*

Қазіргі уақытта ФАО-ның маңызды міндеттерінің бірі-азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану. Қазақстанның таулы жеміс ормандары мәдени өсімдіктердің алуан түрлілігінің пайда болуының әлемдік орталығы болып табылады. Жетісу Алатауының жеміс ормандары өсірілген жеміс түрлері, әсіресе алма ағаштары үшін генетикалық резерват ретінде жоғары бағаланады. Соңғы онжылдықта тозған жабайы жемісті ормандарды өнеркәсіптік ауқымда қалпына келтіру көптеген елдер үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де өзекті мәселе болып қала береді. Сондықтан Жетісу Алатауының бірегей генетикалық жағынан бірдей сирек кездесетін түрлерінің питомнигін құру және көшеттерді өндіру уақтылы шешуді талап ететін өзекті мәселе болып табылады.

## ЖАСЫЛ ҚАЛЕМ ШЕЛЕУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ



**Жасыл калемшелерді дайындау**



**Өсу реттегіштерімен өңдеу**



**Қалемшелерді отырғызу**



**Тамырланған қалемшелерді отырғызу**



## МИКРОКЛОНДЫ КӨБЕЙТУ САТЫЛАРЫ



**Эксплантты дайындау**



**Стерильді ортаға отырғызу(*in vitro*)**



**Зертханада көбейту**





**Ашық далада өсуге бейімдеу**



**Дайын көшеттер**